

"Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Тайынша қаласының 2021 - 2023 жылдарға арналған бюджетін бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 2021 жылғы 8 қаңтардағы № 426 шешіміне толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 2021 жылғы 15 қарашадағы № 100 шешімі

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының мәслихаты ШЕШТІ:

1. "Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Тайынша қаласының 2021 - 2023 жылдарға арналған бюджетін бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 2021 жылғы 8 қаңтардағы № 426 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6903 болып тіркелген) шешіміне мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Тайынша қаласының 2021 - 2023 жылдарға арналған бюджеті тиісінше осы шешімге 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2021 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 769235,7 мың теңге;

салықтық түсімдер - 47136 мың теңге;

салықтық емес түсімдер - 0 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер - 0 мың теңге;

трансферттер түсімі – 722099,7 мың теңге;

2) шығындар – 795698,4 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу - 0 мың теңге:

бюджеттік кредиттер - 0 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу - 0 мың теңге;

4) қаржы активтері мен операциялар бойынша сальдо - 0 мың теңге:

қаржы активтерін сатып алу - 0 мың теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер - 0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – - 26462,7 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 26462,7 мың теңге:

қарыздар түсімі – 0 мың теңге;

қарыздарды өтеу - 0 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 26462,7 мың теңге.";

2-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"2. Тайынша қаласының кірістері Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне сәйкес мынадай салықтық түсімдер есебінен қалыптасатыны белгіленсін:

1) аудандық маңызы бар қаланың аумағында мемлекеттік кіріс органдарында тіркеу есебіне қою кезінде мәлімделген:

дара кәсіпкер, жекеше нотариус, жеке сот орындаушысы, адвокат, кәсіпқой медиатор үшін – тұрған жері;

қалған жеке тұлғалар үшін – тұрғылықты жері орналасқан жеке тұлғалар дербес салық салуға жататын кірістер бойынша жеке табыс салығы;

2) аудандық маңызы бар қаланың аумағындағы осы салықты салу объектілері бойынша жеке тұлғалардың мүлкіне салынатын салық;

3) аудандық маңызы бар қаланың аумағындағы жер учаскелері бойынша жеке және заңды тұлғалардан алынатын, елді мекендер жерлеріне салынатын жер салығы;

4) мыналардан:

тұрғылықты жері аудандық маңызы бар қаланың аумағындағы жеке тұлғалардан; өздерінің құрылтай құжаттарында көрсетілетін тұрған жері аудандық маңызы бар қаланың аумағында орналасқан заңды тұлғалардан алынатын көлік құралдары салығы."

3-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"3. 2021 жылға арналған Тайынша қаласының бюджетінде облыстық бюджеттен Тайынша қаласының бюджетіне 609398 мың теңге сомасында ағымдағы нысаналы трансферттер түсімі ескерілсін";

4-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"4. 2021 жылға арналған Тайынша қаласының бюджетінде аудандық бюджеттен Тайынша қаласының бюджетіне 59361,7 мың теңге сомасында ағымдағы нысаналы трансферттер түсімі ескерілсін";

көрсетілген шешімге қосымша осы шешімге 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

2. Осы шешім 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысы
Тайынша ауданы мәслихаты
хатшысының өкілеттігін уақытша
жүзеге асырушысы*

А. Әбдірахманова

*Солтүстік Қазақстан облысы
Тайынша ауданы мәслихатының
2021 жылғы 15 қарашадағы
№ 100 шешіміне
қосымша
Солтүстік Қазақстан облысы
Тайынша ауданы мәслихатының
2021 жылғы 8 қаңтардағы
№ 426 шешіміне*

2021 жылға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Тайынша қаласының бюджеті

Санаты			Атауы	Сомасы, мың теңге
Сыныбы				
	Кіші сыныбы			
			1) Кірістер	769235,7
1			Салықтық түсімдер	47136
	01		Табыс салығы	7483
		2	Жеке табыс салығы	7483
	04		Меншікке салынатын салықтар	38641
		1	Мүлікке салынатын салықтар	800
		3	Жер салығы	5366
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	32475
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	1012
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	1012
4			Трансферттердің түсімдері	722099,7
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан трансферттер	722099,7
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	722099,7
Функционалдық топ				
	Функционалдық кіші топ		Атауы	Сомасы, мың теңге
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
	Бағдарлама			
			2) Шығындар	795698,4
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	45760,5
	1		Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	45760,5
		124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	45760,5
		001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	45070,3
		022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	690,2
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	267871,7
	3		Елді-мекендерді көркейту	267871,7
		124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	267871,7
		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	43881,4
		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	13174,3

		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	210816
12			Көлік және коммуникация	482062,9
	1		Автомобиль көлігі	482062,9
		124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	482062,9
		012	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарын салу және реконструкциялау	328089,9
		013	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	153973
15			Трансферттер	3,3
	1		Трансферттер	3,3
		124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	3,3
		048	Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	3,3
			3) Таза бюджеттік кредиттеу	0
			Бюджеттік кредиттер	0
Санаты			Атауы	Сомасы, мың теңге
	Сыныбы			
		Кіші сыныбы		
5			Бюджеттік кредиттерді өтеу	0
Функционалдық топ			Атауы	Сомасы, мың теңге
	Функционалдық кіші топ			
		Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі		
		Бағдарлама		
			4) Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0
Санаты			Атауы	Сомасы, мың теңге
	Сыныбы			
		Кіші сыныбы		
6			Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
			5) Бюджет тапшылығы (профициті)	-26462,7
			6) Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	26462,7
7			Қарыздар түсімдері	0
Функционалдық топ			Атауы	Сомасы, мың теңге
	Функционалдық кіші топ			
		Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі		
		Бағдарлама		
14			Борышқа қызмет көрсету	0

16			Қарыздарды өтеу	0
Санаты			Атауы	Сомасы, мың теңге
	Сыныбы			
		Кіші сыныбы		
8			Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	26462,7
	01		Бюджет қаражаты қалдықтары	26462,7
		1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	26462,7

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК